

Алаш мұрасы тәуелсіз ел тұрғысынан сараланады

Кеше Премьер-Министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтің төрағалығымен Алашорда қозғалысының құрылғанына 100 жыл толуына орай Алаш зиялыларының шығармашылық мұраларын зерделеу және оны жаңадандыру мәселелері бойынша кеңес өтті.

Бұл ретте, Алаш қозғалысының тәуелсіздік мұраттары үшін күрестегі ролі мен маңызын, оның көшбасшыларының саяси-құқықтық, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын жаңа заманның талаптарына сай зерделеу өте маңызды.

«XX ғасырдың басында ұлт зиялылары азаттық үшін болған көпғасырлық күресте маңызды рөл атқарды. «Алаш» алғашқы саяси партиясы және Алашорда үкіметінің пайда болуы азаматтық тұрғыда кемелденген және халықтың болашақ тағдырын шеше алатын қазақтың саяси зиялыларының жоғары әлеуетін көрсетті», деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов.

Бұл орайда, вице-премьер еліміздегі алаштанушы тарихшылар мен әдебиетшілер, отандық кино және телевизия саласының мамандарымен бірлесе отырып, тың бастамаларды – кітап шығару, кино түсіру мәселесін қолға алу қажеттігіне тоқталды.

«Алаштың 100 жылдығына дұрыстап дайындалуымыз керек. Қазір, ең бастысы, жақсы жоспар құруымыз қажет. Оған бір-екі аптадай уақыт бөліп, дұрыс жоспар белгілеп, оны Елбасымен келісіп, уақытын белгілеген жөн. Алаштың 100 жылдығын, сол заманмен қалып қоймай, бүгінгі тәуелсіз мемлекетпен байланыстыру орынды болады. Алаш зиялыларының арманы, оның орындалғаны, тәуелсіз ел болғанымыз, осының барлығы ұлттық және тарихи сананы көтеретін жақсы дүние болуы керек», деді Иманғали Тасмағамбетов.

Сонымен қатар, кеңес барысында Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйін мемлекет меншігіне беріп, оның мәртебесін республикалық деңгейге көтеру, ғылымның ғылыми еңбектерінің 10 томдығын жарыққа шығару мәселесі қаралды.

Иманғали Тасмағамбетов ақын А.Байтұрсынұлы және «Алаш» қозғалысы жөнінде деректі фильм



түсіру мәселесін жедел түрде қолға алу қажеттігін атады.

Кеңес қорытындысы бойынша вице-премьер Иманғали Тасмағамбетов Мәдениет және спорт министріне Алашорда үкіметінің құрылуы мен қалыптасуына атсалысқан ұлт зиялыларының өмірбаянын зерттеп, олар жөнінде көркем өмірбаяндық кітап шығаруды және Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми еңбектерінің 10 томдығын басып шығаруды тапсырды.

Алдағы уақытта Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйінің ғимараты республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет

ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілетін болады.

Білім және ғылым министріне музей-үйді мемлекет меншігіне алу және оны А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанынан А.Байтұрсынұлы музей-үйі – ғылыми орталығы ретінде құру тапсырылды.

Еске сала кетейік, өткен аптада Премьер-Министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов Алматы қаласына жұмыс сапары аясында Ахмет Байтұрсынұлы мұражай үйінде болып, оның жұмысымен танысқан еді.

Бұл туралы Премьер-Министрдің ресми сайты хабарлады.